

8D014 - "Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау" бағыты, 6D012000 - "Кәсіптік оқыту" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Тастанбекова Нурсауле Джаксибаевнаның "Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері" тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламала рға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертация тақырыбы мемлекеттік бағдарлама - Қазақстан Республикасы президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына арналған жолдауында Қ.К.Тоқаев: "Азаматтардың сауаттылығы мен цифрлы біліктілігін арттыру мақсатында Үкіметке Үздіксіз білім беру тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырамын. Бұл құжатта бейресми білім берудің баламалы нұсқаларын көптеп енгізу, өз бетінше оқу нәтижелерін мойындау, кәсіби дағдыларды сертификаттау мәселелерін қарастыру қажет.</p> <p>Сонымен бірге біз кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанымыз жөн", - деп жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде мамандарды дайындауда еңбек нарығынның сұраныстарын қанағаттандыратын білікті мамандарды дайындау қажеттілігі айтылған.</p> <p>ҚР «Білім туралы» заңының 45-бабының 1 тармағында: «Кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестік білім беру жүйесінің қызметі нәтижелерін арттыруға, экономика салалары мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып кадрлар даярлығының деңгейіне қол жеткізуге, оқытудың өндіріспен байланысын, оның ішінде дуальды оқытуды енгізу арқылы нығайтуға, мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде жұмыс берушілердің қаражатын қоса алғанда, қосымша қаржыландыру көздерін</p>

			<p>тартуға бағдарланған» деп көрсетілген. Осыған байланысты Н.Д.Тастанбекованың диссертациялық зерттеуі педагогикалық ғылымды дамытудың басым бағыттарына және білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) <u>Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u> 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс "Инициативалық тақырып" меншікті қаржыландыру аясында № 0117РКИ0646 "Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері" тақырыбындағы орындалған Жобаны іске асыру жылдары 2017-2022 жж</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған.</u></p>	<p>Диссертацияның зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық нәтижелері жаңа жетістік және педагогикалық ғылымының дамуына қосқан үлесі ретінде анықталуы мүмкін.</p> <p>Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мәселелері теориялық тұрғыдан негізделген; білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттары айқындалған; Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі негізделген және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде сынақтан өткізілген.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен;</p>	<p>Докторанттың өзіндік үлесін зерттеу жұмысының теориялық және эксперименттік бөлігін орындаудан, әдебиет көздеріне жасалған талдаудан,</p>

		4) өзі жазбаған	анықталған педагогикалық шарттардан, құрылымдық-мазмұндық модельдің дайындалуымен және сол модельдің іске асырылуын тексеруге бағытталған тәжірибелік -эксперименттік нәтижелерін талдаудан көруге болады. Жүргізілген зерттеу дербес, өзекті, тұтас және аяқталған болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <u>1) негізделген;</u> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның ғылыми қолданбалы аспектілердегі өзектілігі, кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге қоғамдық сұраныстың өсуі мен білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми негіздерінің жеткілікті деңгейде зерттелмеуі арасында; жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге жоғары талаптардың қойылуы мен оларды жүзеге асырудың педагогикалық шарттарының нақтыланбауы; кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің объективті қажеттілігі мен оны жүзеге асыруда әдістемелік кешеннің жеткіліксіздігі арасында қарама-қайшылықтар қайшылықтарды шешу үшін ғылыми зерттеу мәселелерін шешу қажеттілігі негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды <u>1) айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны жұмыстың тақырыбына сәйкес жасалған зерттеулердің мақсаты мен міндеттерін толық айқындайды. Зерттеу материалдары ғылыми болжамы диссертацияның жетекші идеясын көрсетеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты - жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруді ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу және әдістемелік кешенін ұсыну. Зерттеу мақсатына жету үшін диссертациялық жұмыста төрт міндет қойылған. Мақсат пен қойылған міндеттер тақырыпқа сәйкес келеді, нақты және логикалық

			<p>тұжырымдалған. Бұл ретте зерттеудің мақсаты зерттеу мәселесін шешуге сәйкес келеді. Зерттеу міндеттері жиынтығында зерттеу мақсатын нақтылайды.</p> <p>Диссертацияның қисынды ұсынылған материалдары автордың мәселені толық көретіндігін және қойылған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырғанын көрсетеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: <u>1) толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның бөлімдері мен ережелері бүтін, барлық зерттелген мәселелерді құрылымдық түрде біріктіретін нақты аяқталған жүйені білдіреді. Жұмысты түсінудегі логика мен дәйектілікті атап өту керек.</p> <p>Автор алған нәтижелері ішкі бірлікпен сипатталады: ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертацияда жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайындағы білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мәселелері теориялық тұрғыда негізделген; жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттары айқындалған; жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған; жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру әдістемесі негіздеп, оны тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеріліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Қазіргі уақытта отандық және шетелдік ғалымдар кәсіби біліктілікті жетілдіру мәселелерінің әртүрлі аспектілеріне қатысты бірқатар зерттеулер жүргізді, оларды автор жұмыста терең және толық талдады. Алайда кәсіби біліктілікті жоғары дуальды оқыту жағдайында жетілдіру</p>

		<p>үдерісі зерттеу объектісі ретінде қарастырылмаған. Зерттеу барысында автор теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды келесі ғылыми нәтижелер алынды.</p> <p>Осыған орай, бірінші нәтиже жаңа, өйткені автор жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайындағы білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мәселелері теориялық тұрғыда негіздеді.</p> <p>Екінші нәтиже жаңалық талабына жауап береді, себебі, ізденуші жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттары айқындап мазмұндық сипаттама берді.</p> <p>Зерттеудің үшінші жаңалығы жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалуымен сипатталады. Бұл жағдайда автор модельдің негізгі компоненттерін, әдіс-тәсілдерін, модельдің іс асуын қамтамасыз ететін педагогикалық шарттарын, өлшемдік көрсеткіштерін және болжамды нәтижені нақты көрсетеді.</p> <p>Төртінші нәтиженің жаңалығы анықтау, қалыптастыру кезеңдерінен және жаңа эмпирикалық мәлеметтерді алудан тұратын зерттеу тақырыбы бойынша жүргізілген тәжірибелік жұмыспен расталған. Автор жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперимент нәтижелерімен көрсеткен.</p>	
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияда тұжырымдалған ізденушінің әрбір түйіні мен қорытындысы толық жаңа және сенімді болып табылады.</p> <p>Диссертация қорытындыларының сенімділік дәрежесі жүргізілген тәжірибелік - эксперименттік зерттеулердің сипатымен расталады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады.</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін пайдаланылатын технологиялық және басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген болып табылады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеу жүргізу нәтижесінде жасалған қорытындылар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдер бойынша негізделген, шетелдік және отандық ғылымның заманауи зерттеулеріне сілтеме жасай отырып талқыланған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; <u>2) жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; <u>3) кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жоқ</p>	<p>Бірінші қағидат дуальды оқыту - жоғары оқу орны жағдайында кәсіби біліктілікті жетілдірудің мәні мен мазмұндық сипатына "дуальды оқыту", "кәсіби біліктілік" ұғымдарының философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі тұжырымдары мен қатар, автордың ұсынған анықтамалары берілген. Позиция дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең.</p> <p>Екінші қағидат дуальды оқыту жағдайындағы педагогикалық шарттар: болашақ кәсіби іс-әрекетінің маңыздылығын түсінуі және соған сәйкес тәжірибелік іс-әрекетті орындауға қажетті теориялық білім, іскерлік, дағдыны меңгеру; білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру үдерісінде оқытудың репродуктивті және белсенді әдістерін (тренингтер, пікірталас, рөлдік және іскерлік ойындар т.б.) ендіру; кәсіби біліктілікті жетілдіруде білім алушылардың теориялық білімін өндірісте тәжірибелік біліммен бекіту үшін өндірістің базасын ұтымды пайдалану; модульдік білім беру бағдарламаларын құрастыруға әлеуметтік серіктестіктер мен кәсіпкерлер палатасының қатысу үлесін арттыру; білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін өндірісте жетілдіруге тікелей ат салысатын тәлімгерлерді</p>

			<p>кәсіби дайындау жүйесін дамыту; білім алушылардың бойында өзі таңдаған кәсібіне мотивациялық-құндылықтық қатынасты қалыптастыру жоғары кәсіптік білім жүйесінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруді қамтамасыз ететіндігі дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалаларда дәлелденген.</p> <p>Үшінші қағидат дуальды оқыту жағдайында жоғары кәсіптік білім жүйесі моделі білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық - мазмұндық моделінің педагогикалық жүйе ретінде компоненттері: мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивтік өлшемдері мен көрсеткіштерінің, әдістері мен формаларының жиынтығын құрайды және деңгейлеріне (төмен, орта, жоғары) сәйкес жүзеге асырылуы дәлелденген; тривиалды емес, жаңа алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең.</p> <p>Төртінші қағидат дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігінен түзіледі. Қағидат дәлелденген, тривиалды емес, жаңа қолдану деңгейі кең мақалаларда дәлелденген.</p> <p>Диссертация тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелері автордың 12 жарияланымында көрініс тапты. ҚР БЖҒ министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 4, Республикалық және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларының материалдарында 6, SCOPUS мәліметтері базасына енгізілген журналдарда 19% (Q4) және 74% (Q2) 2 мақала жарияланды. 1 оқу құралын университеттің ғылыми кеңесімен және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Оқу-әдістемелік бірлестігімен бекітіп баспадан шығарылды және авторлық</p>
--	--	--	--

			құқықпен қорғалатын объектілерге берілетін куәлік алынды
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <u>1) ия;</u> 2) жоқ	Зерттеу әдіснамасын таңдау диссертациялық жұмыстың тиісті бөлімінде негізделген және егжей-тегжейлі сипатталған. Диссертациялық жұмыста қолданылатын зерттеу әдістері заманауи және жалпы қабылданған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ	Диссертациялық жұмысты орындау барысында зерттеу нысаны ретінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру үдерісі алынған. Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруде оқытудың заманауи және белсенді әдістері мен репродуктивті оқыту әдістері пайдаланылған. Диссертациялық жұмыста статистикалық деректерді талдаудың компьютерлік технологияларды қолдану деректерді өңдеу және интерпретациялау байқалмайды, бірақ жұмыстың маңыздылығы мен мәнін төмендетпейді, өйткені мақсаты мен міндеттері толық орындалған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <u>1) ия;</u> 2) жоқ	Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіру үдерісі ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілді. «Дуальды оқытудың теориясы мен практика» оқу құралы және оқу-әдістемешік кешені, магистратура бөлімі білім алушыларына арналған педагогикалық практиканы ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық қазақ орыс тілдерінде дайындау секілді жұмыстар нәтижелі түрде жүргізілді. Айтылған тұжырымға дуальды оқыту жағдайында кәсіби біліктіліктерді жетілдіру бойынша жоғарыда жүргізілген жұмыстардан кейін алынған сауалнама, білім алушылар жауаптары бойынша салыстырмалы жан-жақты талдаулар арқылы көз

		<p>жеткізілді.</p> <p>Тәжірибелік эксперимент 2017-2019 жж. аралығында жүргізілген зерттеу жұмыстары талданып, нәтижелері сарапталған. Тәжірибелік-эксперимент нысаны ретінде таңдап алынған магистратура бөлімінің 1-2 курс білім алушыларымен дуальды оқыту жүйесі бойынша сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде білім алушылардың көпшілігі дуальды оқыту туралы білімдері болғанымен, бұл тақырыпта нақты теориялық білімдерінің жоқ екендігі анықталды. Сондықтан, жүргізілген эксперимент барысында жоғары оқу орнының білім алушылары арасында дуальды оқыту жүйесі туралы дөңгелек үстел, психологиялық тренингтер ұйымдастырылды. Дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мазмұны мен әдістемесін іске асыру білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіру сапасын жоғарлатқан. Бұл тұжырым эксперименттік және бақылау топтарындағы білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін салыстырудың негізінде жүргізілген эксперимент қорытындыларымен сенімді түрде дәлелденген.</p>	
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>ҚР нормативтік-құқықтық құжаттарына, кәсіби-педагогикалық дайындық мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың педагогикалық әдебиеттеріне, сөздіктерге, анықтамаларға, энциклопедияларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға, ҚР БжҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық конференциялар жинақтары материалдарының сілтемелерімен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық зерттеу тақырыбы отандық және шетелдік авторлардың 169 әдебиет көздеріне шолу жасалған. Алынған ақпарат зерттеулерді жоспарлау және алынған деректерді</p>

			талқылау кезінде пайдаланылғаны айқын.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <u>1) ия;</u> 2) жоқ	Зерттеудің теориялық маңызыдылығы: жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайындағы білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру мәселелері теориялық тұрғыда негізделді; жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттары айқындалды; жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды, өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлері анықталды; жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің оқу- әдістемесі жасалып, оның тиімділігі тексерілді және ұсыныстар дайындалды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жоқ	Зерттеудің практикалық маңызыдылығы: жоғары оқу орны білім алушыларына арналған «Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы» элективті курсының бағдарламасы жасақталды және оның оқу-әдістемелік кешені дайындалып модульдік білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарына енгізілді. Алынған практикалық нәтижелерді ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде, біліктілікті арттыру жүйесі тәжірибесінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Тәжірибе ұсыныстары жаңа. «Дуальды оқытудың теориясы мен әдістемесі» атты оқу құралы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Оқу-әдістемелік бірлестігімен бекітіп баспадан шығарды және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге берілетін куәлік алынған. Зерттеу нәтижелерін

			техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері мен ЖОО-да болашақ маман даярлауда және біліктілікті арттыру курстарында, кәсіби білікті жұмысшы мамандарды даярлау жүйесінде пайдалануға болады
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдер ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Шешім: 8D014 - "Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау" бағыты, 6D012000 - "Кәсіптік оқыту" мамандығы бойынша Тастанбекова Нурсауле Джаксибаевна философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім бөлімі» кафедрасының доцент м.а., философия докторы (PhD)

А.А.Сманова

Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD),
А.А.Сманованың қолын кәуландырамын



Персоналды басқару бөлімінің бастығы